Әділет

## "Жиырмалық тобына" қатысушы елдер көшбасшыларының саммиті шеңберінде өткізілетін іс-шараларға Қазақстан Республикасының қатысуы жөніндегі 2013 жылға арналған іс-шаралар жоспарын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 13 маусымдағы № 596 қаулысы

«Жиырмалық тобына» қатысушы елдер көшбасшыларының саммиті шеңберінде өткізілетін іс-шараларға Қазақстан Республикасының қатысуы жөніндегі 2013 жылға арналған іс-шаралар жоспарын орындау мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған «Жиырмалық тобына» қатысушы елдер көшбасшыларының саммиті шеңберінде өткізілетін іс-шараларға Қазақстан Республикасының қатысуы жөніндегі 2013 жылға арналған іс-шаралар жоспары (бұдан әрі – Жоспар) бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының орталық атқарушы органдары, өзге де мемлекеттік органдары (келісім бойынша), сондай-ақ Жоспарды орындауға жауапты мүдделі ұйымдар (келісім бойынша):

1) Жоспарды іске асыру жөнінде шаралар қабылдасын;

2) Жоспарда көзделген іс-шаралар өткізілген күннен кейін 10 күн ішінде Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің Стратегиялық әзірлемелер және талдау орталығына ақпарат берсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары Қ.Н. Келімбетовке жүктелсін.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі С. Ахметов*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 13 маусымдағы № 596 қаулысымен бекітілген

## «Жиырмалық тобына» қатысушы елдер көшбасшыларының саммиті шеңберінде өткізілетін іс-шараларға Қазақстан Республикасының қатысуы жөніндегі 2013 жылға арналған іс-шаралар Жоспары

| № р/с | Іс-шара | Аяқтау нысаны | Орындауға жауаптылар | Орындау мерзімі |
|---|---|---|---|---|

| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 |
|---|---|---|---|---|
| 1. | «Өңірлік қаржылық тетіктер: халықаралық қаржылық архитектурадағы рөлі және ХҚҚ-мен ынтымақтастығы » семинарына қатысу | СӘТО-ға ақпарат | ҰБ (келісім бойынша), СІМ | 2013 ж сәуір |
| 2. | Сенімді, орнықты, теңгерімделген өсуді қамтамасыз ету жөніндегі негіздемелік келісімді іске асыру жөніндегі жұмыс тобының отырысына қатысу | СӘТО-ға ақпарат | ЭБЖМ, СІМ | 2013 ж сәуір |
| 3. | «Жиырмалық тобының» қаржы министрлерінің орынбасарлары мен орталық банк басқарушыларының кездесуіне қатысу | СӘТО-ға ақпарат | ҰБ (келісім бойынша), Қаржымині, СІМ | 2013 ж сәуір |
| 4. | «Жиырмалық тобының» қаржы министрлері және орталық банк басқарушыларының кездесуіне қатысу | СӘТО-ға ақпарат | ҰБ (келісім бойынша), Қаржымині, СІМ | 2013 ж сәуір |
| 5. | Әйелдер үшін қаржылық қызметтерге рұқсатты кеңейту мәселелері жөніндегі семинарға қатысу | СӘТО-ға ақпарат | Еңбекмині, СІМ | 2013 ж сәуір |
| 6. | Сауда мәселелері жөніндегі семинарға қатысу (ЕЫДҰ) | СӘТО-ға ақпарат | ЭБЖМ, СІМ | 2013 ж мамыр |
| 7. | Дамуға жәрдемдесу жөніндегі жұмыс тобының отырысына қатысу | СӘТО-ға ақпарат | ЭБЖМ, СІМ | 2013 ж мамыр |
| 8. | «Жиырмалық тобының» шерпаларының кездесуіне қатысу | СӘТО-ға ақпарат | ПӘ (келісім бойынша), СІМ | 2013 ж мамыр |
| 9. | Энергетика мәселелері жөніндегі сарапшылар семинарына қатысу | СӘТО-ға ақпарат | И Ж Т М , Қоршағанортамині, МГМ, СІМ | 2013 ж маусым |
| 10. | Энергетика саласын орнықты дамыту жөніндегі жұмыс тобының отырысына қатысу | СӘТО-ға ақпарат | И Ж Т М , Қоршағанортамині, МГМ, СІМ | 2013 ж маусым |
| 11. | Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі жұмыс тобының отырысына қатысу | СӘТО-ға ақпарат | ЭҚСЖКА (келісім бойынша), СІМ | 2013 ж маусым |
| 12. | Жұмыспен қамту жөніндегі жұмыс тобының отырысына қатысу | СӘТО-ға ақпарат | Еңбекмині, ПӘ (келісім бойынша), СІМ | 2013 ж маусым |
| 13. | «Халықаралық валюта-қаржы жүйесіндегі рейтингтік агенттіктер» конференциясына қатысу | СӘТО-ға ақпарат | ЭБЖМ, Қаржымині, ҰБ ( келісім бойынша), СІМ | 2013 ж маусым |
| 14. | «Жиырмалық тобының» қаржы министрлерінің орынбасарларының және орталық банк басқарушыларының кездесуіне қатысу | СӘТО-ға ақпарат | ҰБ (келісім бойынша), Қаржымині, СІМ | 2013 ж маусым |
| 15. | «Жиырмалық тобының» азаматтық саммитіне қатысу | СӘТО-ға ақпарат | МАМ, СІМ | 2013 ж маусым |
| 16. | «Қаржылық сауаттылық және қаржылық білім» конференциясына қатысу | СӘТО-ға ақпарат | ҰБ (келісім бойынша), Қаржымині | 2013 ж маусым |
| 17. | «Жиырмалық тобының» жастар саммитіне қатысу | СӘТО-ға ақпарат | БҒМ, СІМ | 2013 ж маусым |
| 18. | «Жиырмалық тобының» іскерлік саммитіне қатысу | СӘТО-ға ақпарат | ӨДМ, ИЖТМ, МГМ, СІМ, «Атамекен» одағы» ҰЭП ( келісім бойынша) | 2013 ж маусым |
| 19. | Дамуға жәрдемдесу жөніндегі жұмыс тобының отырысына қатысу | СӘТО-ға ақпарат | ЭБЖМ, СІМ | 2013 ж шілде |
| | | | ӨДМ, ИЖТМ, МГМ, Еңбекмині, СІМ, « | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 20. | Әлеуметтік әріптестердің кездесуіне қатысу | СӘТО-ға ақпарат | Атамекен» одағы» ҰЭП ( келісім бойынша) | 2013 ж шілде |
| 21. | «Жиырмалық тобының» еңбек министрлерінің әлеуметтік әріптестермен кездесуіне қатысу | СӘТО-ға ақпарат | Еңбекмині, СІМ | 2013 ж шілде |
| 22. | «Жиырмалық тобының» қаржы министрлерінің орынбасарларының және орталық банк басқарушыларының кездесуіне қатысу | СӘТО-ға ақпарат | ҰБ (келісім бойынша), Қаржымині, СІМ | 2013 ж шілде |
| 23. | «Жиырмалық тобының» еңбек министрлері мен қаржы министрлерінің біріккен кездесуіне қатысу | СӘТО-ға ақпарат | Еңбекмині, Қаржымині, СІМ | 2013 ж шілде |
| 24. | «Жиырмалық тобының» қаржы министрлері және орталық банк басқарушыларының кездесуіне қатысу | СӘТО-ға ақпарат | ҰБ (келісім бойынша), Қаржымині, СІМ | 2013 ж шілде |
| 25. | «Жиырмалық тобының» шерпаларының кездесуіне қатысу | СӘТО-ға ақпарат | ПӘ (келісім бойынша), СІМ | 2013 ж шілде |
| 26. | «Жиырмалық тобының» шерпаларының және қаржы министрлері орынбасарларының біріккен кездесуіне қатысу | СӘТО-ға ақпарат | ПӘ (келісім бойынша), СІМ | 2013 ж қыркүйек |
| 27. | «Жиырмалық тобының» қаржы министрлерінің кездесуіне қатысу | СӘТО-ға ақпарат | СІМ, ҚМ | 2013 ж қыркүйек |
| 28. | «Жиырмалық тобының» мемлекет басшылары мен үкімет басшыларының саммитіне қатысу | СӘТО-ға ақпарат | ПӘ (келісім бойынша), ПМК, СІМ | 2013 ж қыркүйек |
| 29. | Жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі жұмыс тобының отырысына қатысу | СӘТО-ға ақпарат | Еңбекмині, ПӘ (келісім бойынша), СІМ | 2013 ж қазан |
| 30. | Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі жұмыс тобының отырысына қатысу | СӘТО-ға ақпарат | Қаржы полициясы (келісім бойынша), СІМ | 2013 ж қазан |
| 31. | Валюта-қаржы жүйесін реформалау жөніндегі отырысқа қатысу | СӘТО-ға ақпарат | ҰБ (келісім бойынша), Қаржымині, СІМ | 2013 ж қазан |
| 32. | «Жиырмалық тобының» қаржы министрлері орынбасарларының және орталық банк басқарушыларының кездесуіне қатысу | СӘТО-ға ақпарат | ҰБ (келісім бойынша), Қаржымині, СІМ | 2013 ж қазан |
| 33. | «Жиырмалық тобының» қаржы министрлерінің және орталық банк басқарушыларының кездесуіне қатысу | СӘТО-ға ақпарат | ҰБ (келісім бойынша), Қаржымині, СІМ | 2013 ж қазан |
| 34. | Дамуға жәрдемдесу жөніндегі жұмыс тобының отырысына қатысу | СӘТО-ға ақпарат | ЭБЖМ, СІМ | 2013 ж қазан |
| 35. | «Жиырмалық тобының» шерпаларының кездесуіне қатысу | СӘТО-ға ақпарат | ПӘ (келісім бойынша), СІМ | 2013 ж қазан |
| 36. | Қаржылық қызметке рұқсатты кеңейту саласындағы жаһандық әріптестік жөніндегі конференцияға және семинарға қатысу | СӘТО-ға ақпарат | ҰБ (келісім бойынша), Қаржымині, СІМ | 2013 ж қазан |
| 37. | Қаржылық тұрақтылық жөніндегі кеңестің пленарлық отырысына қатысу | СӘТО-ға ақпарат | ҰБ (келісім бойынша), СІМ | 2013 ж қараша |

Ескертпе. Аббревиатуралардың толық жазылуы:

ПӘ – Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігі

СӘТО – Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің Стратегиялық әзірлемелер және талдау орталығы

ПМК – Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Кеңсесі

СІМ – Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі

ИЖТМ – Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрлігі
БҒМ – Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі
Қоршағанортамині – Қазақстан Республикасы Қоршаған ортаны қорғау министрлігі
ЭБЖМ – Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігі
МГМ – Қазақстан Республикасы Мұнай және газ министрлігі
Еңбекмині – Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі
МАМ – Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі
ІІМ – Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі
Қаржымині – Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі
ҰБ – Қазақстан Республикасы Ұлттық банкі
Қаржы полициясы – Қазақстан Республикасы Экономикалық қылмысқа және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес агенттігі
ӨДМ – Қазақстан Республикасы Өңірлік даму министрлігі
БҚА – Қазақстан Республикасы Бәсекелестікті қорғау агенттігі
ЕЭҒК – Еуразиялық экономикалық ғалымдар клубы
«Атамекен» - «Атамекен» Одағы» Қазақстанның Ұлттық экономикалық палатасы

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК